

ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ



Бала кезімізден Күләштің әндерін тыңдап өстік. 1948 жылы Алматыға келіп, консерваторияда оқып жүрген кезімде ол кісіні үлкен концерттерден көретінмін. Даусын радиодан естігенде ән аяқталғанша тағат таппай, сезім шарпысуларына оранып, мың сан күй кешуші едім. Кейін жүзбе-жүз жолыққанда сол әсер одан сайын ұлғая түсті.

Алғаш рет оны «Қыз Жібек» спектаклінде көрдім. Сондағы Жібек – Күләш менің өнер әлеміндегі байқаған тұңғыш құбылыс-жаңалығым болып санамда мәңгілік орнап қалды. Ол менің өнердегі ғаламат биіктікті алғаш сезінуім екен.

Опера театрына келгенге дейін мен көптеген халық әндерін, композиторлар шығармаларын репертуарыма енгіздім. «Гэкку», «Толқыма», «Шилі өзен», «Қазақ вальсі», «Ахау керім» тағысын тағы әндерді айтудағы құпияны меңгеруге тырыстым. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестріндегі жеті-сегіз жылда үлкен дайындық мектебі болды деп есептедім. Бірақ әншілік дарын мен актерлік талантты ұштастыру, қатар тәрбиелеу оңай еместігіне көз жеткіздім. Ұлттық операмыздағы Күләштің қайталанбас дара тұлғасын қазір айқын сезінемін. «Қыз Жібектегі» – Жібек, «Біржан – Сарадағы» – Сара, «Ер Тарғындағы» – Ақжүніс, «Жалбырдағы» – Хадиша – бәрі-бәрісі Күләш емес, солардың нақ өздері. Мұндай шеберлік шыңына қазіргі профессионал актерлеріміздің өзі де жете алған жоқ десем, қателеспеймін. Сондай-ақ, П.И. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсындағы – Татьяна, Н.Жигановтың «Алтыншаш» операсындағы – Алтыншаш, Палиашвилидің «Даиси» операсындағы – Маро рөлдері туған топырағымызда Күләштің бірінші болып орындағандығынан ғана емес, бірегей образдық бейнелері жасалғандықтан жадымыздан шықпайды.

Күләш әрдайым бізбен бірге.

Республикамыздың түкпір-түкпірінде болып әртүрлі концерттерге қатысып жүргенде аңғарғаным – халықтың жүрегінде Күләштің мәңгі жасайтындығы. «Гэкку», «Шилі өзен», «Қазақ вальсі» сияқты әндерді орындағанымда Күләшті көрген, даусын тыңдаған жандардың «Күләш тірі» деп толқығандарының талай рет куәсі болдым. Өнердегі ең үлкен баға да – осы!